

Асыл тұқымды өнім (материал) түрлерін мемлекеттік қолдау бағыттары бойынша өңірлерге бөлінген бюджеттік субсидиялардың көлемін, сондай-ақ республикалық малды асылдандыру орталығына, етті құс шаруашылығы бойынша асылдандыру шаруашылығына, қостанай жылқы тұқымы бойынша асыл тұқымды жылқы зауытына қаражат бөлудің жылдық сметасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 22 мамырдағы № 3-2/262 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 28 мамырда № 7683 тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 516 қаулысымен бекітілген Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға 2012 жылға арналған республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидаларының 7-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

- 1) өңірлер бөлінісінде және асыл тұқымды өнім (материал) түрлері бойынша бюджеттік субсидиялардың көлемі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;
- 2) республикалық малды асылдандыру орталығына қаражат бөлудің жылдық сметасы осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;
- 3) **алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.11.21 № 3-2/588**

Бұйрығымен.

- 4) қостанай жылқы тұқымы бойынша асыл тұқымды жылқы зауытына қаражат бөлудің жылдық сметасы осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.11.21 № 3-2/588 (мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті 2012 жылға арналған қаржыландыру жоспарына сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға ағымдық нысаналы трансферттерді облыстық бюджеттерге уақтылы аударуды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы департаменті:

- 1) өз құзыреті шегінде субсидиялаудың бекітілген көлемдеріне сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға 2012 жылғы республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттермен аударылған қаражатты пайдалану мониторингін жүргізсін;

2) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы жетекшілік ететін ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап пайда болған қатынастарға қолданылады.

Министр

А. Мамытбеков

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 2 м а м ы р д а ғ ы

№ 3 - 2 / 2 6 2 б ұ й р ы ғ ы н а

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.12.12 № 3-2/644 (мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Өңірлер бөлінісінде және асыл тұқымды өнім (материал) түрлері бойынша бюджеттік субсидиялардың көлемі

Р/с №	Облыстар	Шығыстар баптары (мың теңге)						
		А с ы л тұқымды төл	А с ы л тұқымды ірі кара мал төлі	Шет елден әкелінген асыл тұқымды ірі кара мал төлі	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу	А с ы л тұқымды е т т і бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу	А с ы л тұқымды жұмыртка	Тәуліктік балапандар
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Ақмола	29,0	89 690,0	817 876,0	262 692,0	6 862,0		3 681,0
2	Ақтөбе	36 785,0	88 938,0	372 788,0	153 066,0	376,0		
3	Алматы	113 284,0	103 362,0	153 438,0	468 664,0	6 627,0	1 710,0	271,0
4	Шығыс Қазақстан	371 356,0	332 021,0	72 264,0	479 160,0	1 034,0		
5	Жамбыл	362 663,0	122 609,0	142 512,0	102 358,0			1 755,0
6	Батыс Қазақстан	16 396,0	114 889,0		372 144,0	799,0		

7	Қарағанды	36 271,0	214 428,0	74 050,0	334 892,0	3 337,0	71 288,0	18 551,0
8	Қостанай	2 965,0	106 893,0	1 313 200,0	223 940,0	2 303,0	5 491,0	1 772,0
9	Қызылорда	58 493,0	53 179,0		57 416,0			
10	Маңғыстау	3 500,0						
11	Павлодар	47 200,0	133 750,0	252 770,0	149 340,0	2 726,0		5 400,0
12	Солтүстік Қазақстан	11 296,0	121 635,0	890 012,0	107 640,0	799,0		
13	Оңтүстік Қазақстан	299 029,0	38 413,0	128 828,0	96 003,0		10 860,0	7 835,0
	БАРЛЫҒЫ	1 359 267,0	1 519 807,0	4 217 738,0	2 807 315,0	24 863,0	89 349,0	39 265,0

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 2 м а м ы р д а ғ ы

№ 3 - 2 / 2 6 2 б ұ й р ы ғ ы н а

2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.11.21 № 3-2/588 (мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Республикалық малды асылдандыру орталығына қаражат бөлудің
жылдық сметасы

Р/с №	Шығыс баптары	2012 жылға	
		Саны	Сомасы, мың теңге
1	2	3	4
1	Өнімділігі жоғары тұқымдықтарды күтіп-бағу		180 085,1
	Азықты сатып алу және дайындау		20 659,5
	Ветеринариялық препараттарды, зертханалық жабдықтың ветеринариялық мақсаттағы басқа да құралдарды сатып алу		2 051,0
	Азықты, суды және қанның биохимиялық құрамын талдау		1 297,17
	Көмір сатып алу		3 040,0
	Сумен қамтамасыз ету		800,0
	Энергия жүйесіне қызмет көрсету және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету		6 000,0
	Адамдарды, асыл тұқымды малдарды, машиналар мен жабдықты сақтандыру		2 176,45
	Еңбек ақы қоры		75 240,0
	Байланыс қызметі, оның ішінде халықаралық сөйлесулер, интернет		2 100,0
	Тұқымдық малдардың ұрығын криоконсервациялауға құрал-саймандарды және басқа материалдарды, жабдықты сатып алу		17 564,25

	Жанар және жағар май материалдары мен қосалқы бөлшектерге арналған шығыстар		11 435,47
	Іссапар шығындары		8 686,03
	Асыл тұқымды тұқымдық малды күтіп-бағу үшін жеке гигиена құралдарын және шаруашылық тауарларын сатып алу		2 332,0
	Салық бойынша шығыстар		10 702,95
	Ұрықты сақтау және мұздату үшін сұйық азот сатып алу		9 000,0
	Өндірістік үй-жайларды ағымдағы жөндеу		
	Арнайы автомашиналарға техникалық қызмет көрсету және оларды ағымдағы жөндеу		7 000,0
2	Технологиялық, арнайы жабдықты сатып алу		2 905,0
	Автосуғарғыштарды сатып алу	291	2 322,18
	Салмағын өлшеу үшін электронды таразы сатып алу	1	582,0
БАРЛЫҒЫ			182 989,0

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 2 м а м ы р д а ғ ы
№ 3 - 2 / 2 6 2 б ұ й р ы ғ ы н а
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.11.21 № 3-2/588 (мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 2 м а м ы р д а ғ ы
№ 3 - 2 / 2 6 2 б ұ й р ы ғ ы н а
4-қосымша

Қостанай жылқы тұқымы бойынша асыл тұқымды жылқы зауытына қаражат бөлудің жылдық сметасы

Р/с №	Шығыс баптары	С о м а с ы , мың теңге
1.	Асыл тұқымды жылқыларды күтіп-бағу	
	Азықты сатып алу шығындары	1 697,0
	Жылқы-спорт мүкәммалын сатып алу шығындары	480,0
	Ветеринариялық дәрі-дәрмек сатып алу шығындары	800,0
	Жылқы қораларын залалсыздандыру шығындары	450,0
	Байланыс қызметі	440,0
	Жылыту шығындары	994,0
	Электр энергиясымен қамтамасыз ету бойынша шығындар	1 402,0
	Жанар және жағар май материалдарын сатып алу	11 619,0

Қосалқы бөлшектер және техниканы ағымдағы жөндеу	3 800,0
Еңбекақы	47 900,0
Иссапар шығындары	1 084,0
Салық және басқа бюджетке міндетті төлемдер	4 334,0
БАРЛЫҒЫ	75 000,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК